

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Жәнібекова Г. – №17 И.Трибуцын атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы, Меркі ауданы.

Мақалада педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының бүгінгі білім беру саласындағы сабақтастығы туралы кеңінен айтылған. Сондай-ақ, нақты әдістер мен принциптер салыстырмалы түрде тілге тиек етілген. Қазақ даласындағы бұрынғы мектептердің қазіргі мектептерден айырмашылығы мен ерекшелігі де талқыланды.

Кілт сөздер: педагогика, оқу-білім, идея, тәжірибе, ұстаз, мәселе, оқулық, ғылым, әдіс, принцип.

Қазіргі таңда білім беру саласында даралап, саралап оқыту ғана емес, оқыту барысында ұлттық ерекшеліктерді ескеру басты мәселеге айналып отыр. Оның қатарында жаңа өзгерістерге дайын бола отыра, тәрбиелеу мен оқытуда ізгілендіру, демократияландыру да бар. Тарихқа шегініс жасасақ, қазақ даласында мәдениет пен оқу-білімнің қалыптасып, дамуы жолында өлшеусіз еңбек еткен ірі тұлғалардың алдыңғы легіндегі ағартушы-педагог – Ыбырай Алтынсарин. Оның педагогикалық мұралары бір жарым ғасыр бұрын жазылса да әлі күнгедейін өзектілігі мен өміршендігін жоғалтқан жоқ. Нақтырақ айтқанда, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары қазіргі білім беру процесімен тығыз сабақтастықта. Мәселен, Ыбырай еңбектерін тереңінен зерттеп, саралаған Ә.Сыдықов «Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі» атты еңбегінде «Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында аса зор, пайдалы рөл атқарады, оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылады. Онда адал көңілден шыққан сын да, жаңашыл бастаманы қолдау да, өзіндік ой-пікірді орынды айта білу де бар» деп ұстаз ұсынған дидактикалық принциптер бойынша дәл осындай өзіндік қорытындыға келеді [1].

Туған халқының келешегі өнер-білімді танып, көңіл көкжиегін, сана сәулесін біліммен сусындатса ғана кемелдене түсетіндігін әу бастан түсінген Ыбырай Алтынсарин сол дәуірде өзі ашқан мектептердің басты мақсаты етіп «баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім беру керек» дегенді қояды [2]. Бұл ұстаным қазіргі білім беруді ұйыдастыруда жан-жақты білім берумен сабақтасып, ортақ үйлесім тауып отыр. Яғни, әлі күнге дейін оқу процесі барысында

- мұғалімнің рөліне;
- оқу базасының маңыздылығына;
- оқулықтарды жарамдылық жағынан жиі тексеріп тұруға аса ден қойылады.


Ыбырай тәжірибесін сараптап қарасақ, ол өзінің хрестоматиясында химия, физика, география сынды өзге де ғылымдардың жаңалықтарына түсінік берген. Сол арқылы білімді жан-жақты топтап беруді көздегенін жасырмайды. Сонымен қатар, А.А.Мазохин, Ф.Д.Соколов, Т.Балғымбаевқа жазған хаттарында балаларға тиянақты білім беруді өмірмен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру жөнінде ақыл-кеңестер береді. Оның бұл идеясы бүгінде кіріктіре оқыту (интеграция) әдісі арқылы көрініс беріп отыр.

Ыбырай мұрасындағы «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты қағидасына айналып отыр [3].

Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап өтер тағы бір тарихи еңбегінің бірі – қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесі. Ал қазіргі оқыту процесінде ұлттық ерекшеліктерді оқыту үлкен маңызға ие екендігін жоғарыда атап өттік. Зерделей қарасақ, Ыбырайдың балаларға арналған, «Қазақ хрестоматиясына» енген шығармаларынан шәкірттерге ой саларлықтай, ұлттық танымнан хабар берерліктей терең ойды аңғаруға болады. Демек, сол арқылы ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерді оқыту мақсатын Ыбырай өз дәуірінде-ақ бастап кеткендігін байқауға болады. «Өйткені, ол өзінің шығармалары арқылы еңбекке, әдептілікке мейірімділікке, ата-ананы қадірлеуге әдет-ғұрып, салт-сананы сіңіруге білуге тәрбиеленетіндей ауыз әдебиеті үлгілерін кіргізе отырып, оның тәрбиелік, білімдік-танымдық қасиеттеріне ерекше назар аударған. Халықтың Жиренше, Ұлықпан хакім қара батыр сияқты қалаулы ұлдары жайындағы әңгімелерін қосып, оларың елдің келешегін ойлаған тапқырлық, әділдік т.б ізгі істерін үлгі етіп ұсынған» [4]. Осы жерден қазіргі педагогикалық идеялармен Ыбырай Алтынсариннің идеялары арасындағы терең сабақтастықтың үйлесімділігін аңғара аламыз. Сондай-ақ, қазіргі білім беру саласында оқушыларды кәсіптік мамандықтарға ерекше баулу ісі де Ыбырай бастамаларының жалғастығы. Ол «Қазақ халқының экономикалық жағынан өсуі үшін

мектептерді орнықтыру ретінде әлі де көп тиянақтылық керек» деген оймен балалардың белгілі бір мамандыққа икемділігін арттырып, білім алып шығуына баса назар аударған. Оған мектептерде үйірмелердің ашылуы, педагогтің қолөнер, ауыл шаруашылығы мектебімен қатар қыздарға арналған мектеп ашуы басты айғақ десек, артық айтпағандығымыз.

№1 кесте



№2 кесте



Ыбырай іліміндегі тағы бір ерекше дағды бүгінгі білім беру саласындағы жүйемен астарласып жатыр. Ол – тіл. Нақтырақ айтқанда, Ыбырай білім беруді ана тілінде жүргізуге баса назар аударды. Сонымен бірге, балаларға қосымша орыс тілін меңгертуді де мақұлдаған болатын. Қазір ол принцип түбегейлі сақталмаса да, заман ағымына қарай білім берудегі тілдің рөлі бәсекеге қабілеттілікке қарай өзінің маңызын жоғалтпай, керісінше қанатын кеңге жаюда. Мысалы, Қазақстан Республикасы Білім мазмұны тұжырымдамасы бойынша оқу жоспарындағы базалық пәндердің рөлі мен маңызы жайындағы сауалға ана тіліміз, яғни қазақ тілі барша білімді, жоспардағы пәндерді игерудің негізі болуы керек, және соның барысында тілдің табиғатына қарай, қарым-қатынас құралы ретінде таныту керек деген тұжырым қалыптасқан. Ол әрине, Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары, әдістемесінде айтылған басты мәселелер өзінің өміршеңігін танытып отыр деген сөз.

Қорытындылай келе, Ыбырай еңбектерінің, әсіресе педагогикалық идеяларының өміршеңдігін ғасыр атты уақыт өлшемінің өзі дәлелдеп отырғандықтан, ол идеялар біздің білім беру жүйемізді сапалылық көрсеткішіне жеткізетіні сөзсіз. Ірі қайраткердің ұлы замандарды туындататын ағартушылық-идеялық шеберлігі заман құбылысы ретінде қарастырылуы керек. Ыбырайай ұлы тұлғалардың қоғам, халық алдындағы еңбегі ешқашан ұмытылмайды және келер ұрпақ оларды жүрегінде үлкен мақтанышпен сақтайтыны белгілі.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде тарихи тұлғалардың өмір жолы олардың талантты, оқушылардың жан-жақты, ақылды, патриот болып өсуіне бағытталған деп санаймыз. Өйткені сол арқылы педагогтер қауымы кейінгі ұрпақтың қоғам алдындағы өз жауапкершілігін сезінетін, рухани бай, жан-жақты жетілген азамат болуға баулимыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. **Ы.Алтынсарин таңдамалы шығармалары.** Алматы, 1991жыл.
2. **Ә.Ламашев Ы.Алтынсарин.** Алматы, 1991 жыл.
3. **Жарықбаев Қ., Қалиев С.** «Халық педагогикасының тағылымдары», Алматы, «Бастауыш мектеп», 1990 ж.
4. **Дербісәлин Ә.** Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Құраст: Қожакеев Т. Алматы: Ғылым, 1976.